

Қасымбеков Ж.А. Жаздықбева М.Б

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІЦ ТЕОРИЯСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕСІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БҰЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қасымбеков Ж.А. Жаздықбаева М.Б

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу күралы

ТҮРКІСТАН -2012

ББК 26.8

Ж 81

Абай атындағы ҚазҰПУ жынындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы жөнс ҚР БФМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған (Хаттама №18 15.05.2012ж.).

Пікір жағандар:

Оңалбек Ж. – Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Оразов Ш. – Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Ж 81 Қасымбеков Ж.А. Жаздықбаева М.Б.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі, Оку құралы – Түркістан, 2012 – 210 бет

ISBN 9965-752-55-9

Оку құралы білім беру жүйесіндегі соңғы кездері болып жаткан өзгерістерге байланысты жоғары мектептерде білім беру стандарттарына сай жасалған оку жоспарларына сәйкес дайындалған.

ББК 26.8

ISBN 9965-752-55-9

Ж 4602020401
03(05) -06

© Қасымбеков Ж.А. Жаздықбаева М.Б., 2012

Kіріспе

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі мектепке дейінгі жастагы балалардың деңсаулығын сақтау және нығайту, интелектуалдық жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың эмоциялық көңіл-күй жағдайын көтеруге қамқорлық жасау назардан тыс қалмау керек. Оның ішінде баланың барлық жағынан дамуына негіз болатын деңсаулығын сақтау, нығайту мақсатында дене тәрбиесін дұрыс жүргізу қажет.

Қазакстан Республикасының Білім туралы Занында (1999ж) «Мектепке дейінгі үйымдар отбасымен қатар бір жастан алғы жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мениң оқыту, олардың дене және психикалық деңсаулығын сақтау, нығайтуды жүзеге асырады» дөлінген. Олай болса, оны жүзеге асыру мектепке дейінгі үйымдар және онда қызмет ететін тәрбиешілердің үлесіне тиеді.

Студенттерге мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін үйымдастырудың көзірігі ғылыми-теориялық әдістемелік негізін менгерту, болашақ тәрбиешілердің касиби сапаларын қалыптастыру.

«Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» пәннің міндеттері:

- студенттерге мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориялық негізін менгерту;
- дене тәрбиесінің негізгі үйымдарын менгерту, курстың жетекші идеяларын түсінуге ықпал ету;
- студенттердің педагогикалық-психологиялық тылыми ой шеңберлерінің көңеюіне ықпал ету;
- болашақ тәрбиешілердің касиби шеберліктері мен педагогикалық қабілеттерін дамыту;
- студенттерді ездік зорекеттің әдістері мен тәсілдеріне баулу;
- дене тәрбиесі сабакының жоспарын құра білуге баулу.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін оку пәнненде студенттер білуге тиіс:

- мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі міндеттерін және мазмұнын;
- балабақша балаларының денес жаттыгуларын;
- дене тәрбиесі сабактарының жоспарын құра білу;
- балалардың дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыру жолдарын;
- дене тәрбиесін үйымдастыру технологиясын;
- кимыл-козғалыс ойындарын үйымдастырудың теориясы мен әдістемесін білуі тиіс.

Оку құралы SB010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік оку бағдарламасы негізінде жасалған.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі университеттеге мектепке дейінгі тәрбие факультетеріндегі оку пәні ретінде үш белімді қамтиды. «Дене тәрбиесі теориясының жалпы мәселелері» атты бірінші белімге үш тақырып, енді, бұларда балалардың дене тәрбиесі мәселелерін терен оқып білуге көмектесетін негізгі қадидалар ашып көрсетіледі. «Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» атты екінші белімде мектепке дейінгі балалардың денес тәрбиесі оларды тәрбиелеу және дамыту, дене жаттықтыруға үйрету әдістемесі, мектепке дейінгі мекемелердегі жұмыс формалары, сондай-ақ дене тәрбиесі жөніндегі істі жоспарлау мен есепке алып, отыру міндеттері мен құралдары ашып көрсетіледі. Үшінші белімде әдістемелік кабинеттің жұмысы және педагогикалық колледже «мектепке дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» курсын оқыту жайлы бағыдалады.

Бірінші белім

Дене тәрбиесі теориясының жалпы мәселелері

1. Дене тәрбиесі курсының пәні, міндеттері



Дене тәрбиесі теориясы-адам денесін жетілдіру үдерісін басқарудың жалпы зандары туралы ғылым.

Дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесі жүйесінің мақсатын, міндеттерін, қағидаларын зерттейді; тәрбиенің басқа түрлерімен – ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесімен дене тәрбиесінің занды байланысын анып көрсетеді. Дене тәрбиесі құралдарын оқып білуге, дене жаттыгуларын үйрету қағидалары мен әдістерін анып көрсетуге, қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға және дене қасиеттерін дамытуға, спорттық жаттыгулардың жалпы негіздерін, денені жаттықтыру сабактарының әр түрлі формаларын (десе тәрбиссі сабактары, ертегі гимнастика, қозғалысты ойындар т.б.) сондай-ақ дене тәрбиесі жөніндегі жұмысты жоспарлауға және есепке алуға көп көңіл белгінеді. Осылынан бірге мекемен жасына дейінгі, мектеп жасындағы балалардың, жастардың, ересек және жасы үлгайған адамдардың дене тәрбисінің өзіндік ерекшеліктері аныкталады.

Дене тәрбиесі теориясы тәжірибелі ғылыми негіздермен қаруандырады. Сейтіп ошың одан әрі дамуына комектеседі. Ол солдай-ақ практикага жол ашуға, адамның күш куатын кемелдендіруде қандай құралдар және әдістер арқылы жақсы нәтижелерге жетуге болатындығын болжауға туіс.

4

«2030 Қазақстан Республикасының гүлденеу мен ұзақ мерзімді даму және оркендеу бағдарламасы» жүзеге асыру жобасының аясында мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлға ретінде дамуы мен физикалық денсаулығы мықты болып қалыптасуы ерекше орын алады. Әл осы жаста мақсатты бағытта қозделген педагогикалық әсер ету нәтижесінің арқасында денсаулығы, жалпы тезімділігі, жұмыс қабілеттілігі мен өмір тіршілігі және тагы да басқа қасиеттері, жеке тұлға болыш дамуына қажетті басқа да қырлары қалыптасады.

Дене тәрбиесінің мақсаты - денсаулықты дene шынықтырудың әдістерін пайдалана отырып, физикалық, психологиялық тұрғыдан нығайту болып табылады.

Міндеттері:

1. дестүрден тыс әдістерді колдана отырып, әр баланы өз бетімен шынығута үйрету;
2. жаттыгулардың барлық түрлерін нақты орындауға, кимыл - қозғалыс қажеттілігін дамыту;
3. жүйесін корғау және нығайту шараларын колдану, шаршаганлықты және жарактаптуды алдын – алу;
4. толықтай физикалық дамуға жету: дene үйлесімділігі, жасына сәйкес ағзаның адаптациялық қабілеттері және дамыған функциялары, физикалық жұмыс және ақыл – ой қабілеттілігі;
5. дene сымбаттылығын қалыптастыру, мәдени – гигиеналық дагдыларын бекіту;
6. үйнімдастыру қабілеттін дамыту, өз қатарластарымен жолдастық қарым-қатынасты қолдау.

Біздін елімізде дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері - адамның жан-жақты дамуы жөніндегі ілім озінің нақты бейнесін тапқан. Жеке адамның жарасынды дамуы қоғам құру шарттарының бірі ретінде қаралады. Біздін елімізде дене тәрбиесінің мақсаты - өмірге, отанды корғау болып табылады. Бұл мақсат дене тәрбиесін жүзеге асыратын барлық мекемелер мен үйимлар үшін бірдей болады.

Дене тәрбиесінің атальып көрсетілген мақсатына сәйкес мына төмөнлегідей міндеттерді шешу қарастырылады:

Сауықтыру міндеті. 1. Шынығу, сыртқы органдың өсеріне ағзаның тезімділік қарсы әсері күшін арттыру. Бұл міндетті шешуде мұкият байқауды және біртіндеп, баланың тері қабаты арқылы жоғары деңгейде жылу белетінін ескеруді талап етеді.

2. Сүйек күрілісі, бұын-байланыс аппаратының, омыртқалардың физиологиялық индерінің (изгибтерінің) дұрыс және өз уақытында дамып, қалыптасуының, сонымен бірге, барлық бұлшық ет топтарының шамалас тен дәрежесінде дамуына және нығаюна, корыттыңдысында дұрыс сымбатты тұлғаны қалыптастыруға жәрдемлесу. Бұл міндетті шешуде қанканың иілгіштік икемділігін, бұлшық еттің созылыштығы мен алсіздігін, әсіресе қунделікте қозғалысқа аз қатысатындарын ескеруді қажет етеді.

3. Ағзаның басқа жүйелерінің, атап айтқанда жүрек қан айналымы, тыныс-

5

алу, жүйкенің дамуына және функциональдық жетілуіне, зат алмасу үдерісінің жақсаруына жердемдесу. Өсіреле қозғалыста ыргак пен терең тыныс алуға үртеп маңызды.

Білім беру міндетті. 1. Негізгі өмірдегі маңызды біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру (жұру, жүгіру, секіру, лактыру және қагып алу, шаптывын жұру, суда жүзу және т.б.) және деңенің артүрлі беліктірімен жүйелі қозғалысты орындай білу, тұрғанда, отырганда, жүргендеге деңе сымбатының қалыптың сақтау.

2. Барынша дұрыс, жүйелі қозғалысты қамтамасыз ететін мына сапаларды дамыту қозғалыстың ыргактылығы, жүйелілігі, кеңестікте бағдарлай білу, деңені итере білу және бар күшті есепке ала білу.

3. Жеке және қоғамдық гигиенаны сақтау дағдыларын бойына сініру.

4. Деңешшынықтыру жаттығуларымен шұғылдануга байланысты бастапқы біліктілік қалыптастыру.

Тәрбиелу міндетті. Назарды, зердені дамыту, сөз арқылы нұсқаумен кимыл-қозғалыс әрекетін орындай білу, ал ең жасы үлкендеріне (6 жасарларға) қозғалыстың дұрыстығын бағалату, біліктілік шенберінің аясын кеңейту, сойлеу кабілетін дамыту арқылы ақыл-ой тәрбиесін беруге кол жеткізу.

Гигиеналық процедуралер мен деңешшынықтыру жаттығулары сабакында (жұынғанда, кімі ауыстырғанда, спорт күрал-жабдықтарын дайындағанда және т.б.) езін-еzi қызмет ету дағдылары арқылы еңбекке тәрбиелеуге кол жеткізу;

Еңбекке қажетті сапаларды дамыту, Әріптестерімен бірге атқаратын деңешшынықтыру жаттығуларын орындау кезінде өзара қызмет көрсөтудің артүрлі формаларын үйрету; Заттардың қасиеттері және олармен жұмыс істесу мүмкіндіктері жайлы білімді байту. Балаларды адамгершілікке, енегелілікке тәрбиелу үшін ұжымда езін-еzi алып жүре білуге, басқа балаларды және үлкендерді сыйлауга, ададлыққа тәрбиелу; Медени мінезд-кулық дағдыларын, яғни кішіндейділік, үқынтылық, ұстамдылықты дамыту; Қорқыныш сезімін баса білу; Еңбек сүйгіштікке тәрбиелу; деңешшынықтыру жаттығуларымен шұғылдану дағдыларын қалыптастыру.

Бұл міндеттер деңе тәрбиесінен айналысушылар контингентіне байланысты олардың жас ерекшеліктеріне, деңсаулық жағдайына, деңе дамуының деңгейіне, деңе әзірлігіне, сондай-ақ қасиеттік ынта-ықыласына қарай нақтыланады.

2. Деңе тәрбиесі жүйесінің тарихы, алғы шарттары мен қалыптасуы

Халықтық және ғылыми-алып табылады. Деңе тәрбиесі үрдісінде деңе тәрбиесінен айналысушыларда дүниестаным қалыптасады, адамгершілік қасиеттері тәрбисленеді. Деңе тәрбиесінің жүйесі тәрбиениң бүкіл жүйесінің ажырамас белгі болып табылады. Патшалық Россияда қоғамның тек аксүйектері ғана деңе жаттықтырумен айналыса алатын еді. Уstem таптардың деңе тәрбиесін жүзеге асыру үшін үкімет шетелдік жүйелерді (сокольск гимнастикасы, неміс турнегі,

швед гимнастикасы т.б.) пайдаланады. П.Ф.Лесгафт жасаған отандық деңе тәрбиесін білімі жүйесін колдау таппады. Бірақ патша үкіметтің еңбекші бұддараның спортпен айналысұына кедегі болатын саясатына қарамастан спорттың үлттық турлері дамыды және халықтан көрсеткі, дүниe жүзінелік белгілі жеке орыс спортшылары шыкты: палуан И.Поддубный, коньки тебушілер Н.Струнников, П.Ипполитовтар, ескекші М.Свешников және т.б.

Дене тәрбиесінің біртұтас жүйесін жасау үшін халық талабына сай жағдай жасалды. Мұның өзінде біздің елімізде және шетелде жасалған прогрестік нерсениң бәрі ескерілді.

Халық шаруашылығын қалыптау келтіру жылдарында еңбекшілердің деңсаулықтарын нығайттұға, оларды еңбекке дайындауга көп көңіл болінді. Бұл жылдары ез беттерімен әрекет ететін деңе тәрбиесі үйрмелері, қоғамдары үйымдастырылды. Ғылыми-зерттеу физкультура институттарын ашу деңе тәрбиесі жүйесін жетілдіруге комегін тигізді. Мектеп жасына дейінгі балалар деңе тәрбиесінің кеңестік жүйесін жасауда ғылыми қызыметерлер мен әдікерлердің үлкен тобы – Е.Г.Леви-Гориневская, М.М.Конторович, А.И.Быкова, Н.А.Метлов, Л.И.Михайлова және басқалар үлкен энтузиазм көрсетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында физкультура үйымдарының барлық қызыметі халықты Отан қоргаута жаппай әскери-деңешшынықтыру шынықта дайындық міндеттіне бағындырылады.

Қазіргі кезде деңе тәрбиесі жүйесінің халықтығы – оның мақсатының халықтық өмірі талабына сайкестігінде. Біздің еліміз түргындарының деңсаулықты нығайтудағы, деңені дамытуға жақсартудағы табыстары жалың еңбек өнімділігінің есуінс, сондыктан да бүкіл халық ігілігінің артуына бағытталады.

Біздің еліміздің барлық халық деңе жаттығуларымен және спортпен жүйелі турде айналысуга тартылады. Бұл үшін қажетті жағдайлар жасалады: стадиондар, бассейндер салынады, гимнастикалық заңдар жабылғысталады, спорт жабдықтары, кімдері, аяқ кімдері және т.б. шығарылады.

Рынымдағы деңе тәрбиесі жүйесінің сипатты белгісі болып табылады. Зерттеулер негізінде бірегей мемлекеттік бағдарламалар, окульптар, оқу куралдары жасалады және жетілдіріледі, физкультуралық құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар анықталады, ербір жас кезеңіне қарай және дамуының, деңе әзірлігінің нормативтік көрсеткіштері жасалады.

Зерттеулер нәтижесінде алынған жаңалықтардың бәрі мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық үйымдардың және жаңуялардың тәжірибесіне ендіріледі.

Дене тәрбиесі мәселелерін негіздеу жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізуға жұмылдырылатын ғылыми-педагогика кадрларын даярлау жөнінде үлкен істер жүргізіледі.

Дене тәрбиесінің қызметі, негізгі үйымдары. Деңе тәрбиесі теориясында әр түрлі үйымдар колданылады: деңе дамуы, деңе әзірлігі, деңе жетілуі, деңе тәрбиесі, деңе машықтығы, деңе тәрбиесі білімі, деңе

жатыгулары, спорт, дене тәрбиесі мәдениеті және т.б. әр түрлі құбылыстарды көрсете отырып, олар бір-бірмен тығыз байланыста болады.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген үгымдар қогамның тарихи дамуының әр дәүірінде пайда болған. Олардың мазмұны дене тәрбиесі жөніндегі ғылымның және оның тәжірибе жүзеге асырылуының дамуына қарай терендеп, нақтыланып келеді.



TODAY.KZ

Он және сол жақ қол басының бүшүк еттерінің күші, тұла ой күпі, бастың көлемі т.б. антропометриялық және биометриялық көрсеткіштермен аныкталады.

«Дене дамуы» терминін көң түсініктे қолданғанда оған дене қасиеттері де (шапшаңдық, онтайлылық, икемділік, көзбен шамалагыштық, тепе-тендік сақтағыштық, күш, теңізділік) кіреді.

Дене әзірлігі – бұл қозғалыс дағдыларының, іскерліктің дене қасиеттерінің даму дәнгейі.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін денені жаттықтырудың барлық негізгі түрлері бойынша нормативтік көрсеткілтер және оларды орындаудың сапасына койылатын талаптар («балабақшадагы тәрбие бағдарламасы») талдан жасалған.

Дене жетілуі – бұл дене дамуының тарихи шартты дәнгейі және денсаулықтың, өмірге, енбекке және Отанды қорғауга жан-жақты дене дайындығының жогары дәрежелігі.

«Дене жетілуі» үғымының белгілері оскелен қоғамдық қажеттіліктер - ондіріс қажеттіліктері, сондай-ак адамның езінің ынта-ықласы әсерінен өзгеріп отырады. Эр тарихи дәуір үшін дене жетілуінің езіндік өзгеруі тән. Құлдық пең қанауышылдықтан азат етілген елдерде дене жетілуінің мейлінше жогары дәнгейіне қогамның барлық мүшелерінің колы жете алады.

Касібі, жынысы, жасы әр түрлі адамдардагы дене жетілуінің езіндік ерекшеліктері бар.

Дене тәрбиесі – тәрбиенің құрамды болігі. Ол денені жетілдіруте, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дара әзірлігінің жогары дәнгейіне

жетілуіне бағытталған.

Бұл анықтама дене тәрбиесінің салыстырмалы түрде дарапты ерекшелігін көрсетеді. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек тәрбиелерімен байланысты.

Дене тәрбиесі білімі – дене тәрбиесі салаларының бірі; ол арнаулы білімді, қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерді мемлекеттің камтиды.

Дене машиқтығы – дене тәрбиесінің дене әзірлігін талап ететін енбекке немесе басқа бір қызметке деген қолданбалы бағыттылығы. Дене машиқтығы нақты бір кәсіптің, белгілі бір қызметтің ерекшелігіне байланысты дене жатыгуларын жасаудың міндеттердің езіндік ерекшеліктерімен, құралдары мен әдістемесімен сипатталады. «Жалпы дене дайындығы» термині дене тәрбиесінің әр алуан қызметте табыска жетудің жалпы алғы шартын жасау үшін бағытталған үдерісін білдіреді. Арнаулы дене машиқтығы көсіптік және спорттық қызметке арналы дайындалуға бағытталған.

Дене жаттыгулары – бұл дене тәрбиесі міндеттерін шешу құралдары ретінде іріктеліп алған қозғалыстар, қимыл-қозғалыс ерекеттері, сондай-ак қозғалыстық қарекеттердің күрделі түрлері. Қозғалыстық қарекет деп адамның қозғалыс аппаратының белсенділігі езіне тән компонент болып табылатын ерекеттің бірін айтады.

«Жаттығу» термині қозғалысты бірнеше рет қайталау үдерісін белгілеу үшін де қолданылады.

Спорт – бұл денені жаттықтырудың белгілі-бір түрінен жарыс барысында неғұрлым жогары нәтижеге жетуге бағытталған арнаулы ерекет.

Дене тәрбиесі мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір белгілі қогамның адам денесін жетілдіру саласында қогамдық тарихи практика үдерісінде жиналған табыстарының жыныстығы. Материалдық игілікке спорт құрылыштары (стадиондар, спорт заңдары, бассейндер және т.б.) құрал жабдықтар, арналы киім, аяқ киім және т.б. кіреді. Рухани игілігі болып табылатындар: ғылым, өнер шығармалары (әдебиет, скульптура, кескіндеме, графика, музика т.б.) жатады.

Дене тәрбиесі мәдениеті дене тәрбиесі теориясының барлық үғымдарының ішіндегі ең көң үгым. Ол жогарыда қарастырылған үғымдардың бәрінің мазмұнын камтиды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Дене тәрбиесі курсының пәні, міндеттеріне тоқтальызы.
2. Дене тәрбиесі жүйесінің тарихы, алғы шарттары.
3. Дене тәрбиесінің қызметі, негізгі үғымдарына сипаттама берініз.

3. Дене тәрбиесі ғылыми-әдістемелік зерттеу әдістері



Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі зерттейтін мәселелердің ауқымы кен. Сондыктан зерттеу кезінде педагогикалық әдістер ғана емес, шектес ғылымдарда – алғыметтануда, психологияда, физиологияда, антропологияда, биохимияда т.б. пайдаланылатын әдістер де қолданылады.

Дене тәрбиесі теориясында теориялық талдау және талдау корыту, педагогикалық зерттеу және эксперимент әдістері пайдаланылады.

Теориялық талдау және корыту әдістері. Кез келген зерттеу әдеби мәліметтерді оқып-білу, талдау мен корытудан басталады. Бұл үшін зерттеуші библиографиямен танысады және өзі талдау шығу тиіс әдеби түп нұскаларды іріктеп алады, оларды нақты мәселелер бойынша жүйелдейді, содан соң әр мәселе ішінде материалдарды әр түрге (ағымдағы, шолу жасайды, корыттындылық) боладі.

Библиографияны іріктеген соң оны оқып итеру жоспарын жасау, жазба жұмыстар жүргізу және оларды талдау әдістемесін ойластыру керек.

Әдеби мәліметтерді талдау және корыту теориялық, сондай-ақ эксперименттік зерттеуде де қолданылады. Теориялық зерттеуде бұл әдіс бірден-бір әдіс болуы мүмкін, оның кемегімен, мәселең, нақты тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір қағидалар, көзқарастар қалайша дамығандығын ағыруға болады. Эксперименттік зерттеулер жасау үшін қандай мәселең зерттеліп қойғандығын, олардың әдебиетте қандай дәрежеде бағыталғандығын және олардың қайсысының эксперименттік тексеруді талап етегендігін анықтау керек.

Дене тәрбиесі теориясы үшін маңызды көптеген мәліметтерді мектепке дейінгі мекемелер қызыметкерлері құрастырыған әр түрлі құжаттарды (мысалы, балаларға арналған дене жаттыгуларын бір жылға таратып белу графигі, бір алталақ жұмыстың календарлық жоспары, дене тәрбисі сабактарының, таңертенгілік гимнастиканың, қымыл-козгалыс ойындарының жоспар-конспектілері, тәрбиесінің күнделігі, педагогикалық мәжілістердің кіттамалары, денсаулық жағдайын, денснін дамуын дене әзірлігін т.б. есепке алу журналдары) талдау кезінде табуга болады. Осындағы құжаттарды талдау нәтижесінде табылған мәліметтерді жұмыс жорамалы ретінде (эксперименттік зерттеулерден күтілетін нәтижелер) пайдаланыла алады.

Фактілер жинау үшін анкеталар және сұрақ-жауап парактартары пайдалануы мүмкін. Анкеталардағы сұрақтар «ні» немесе «жоқ» деген қысқа жауап аларлықтай етіліп койылады. Сұрақ-жауап парагында жауаптар жайылында

турде беріледі мысалы, тәрбиесінің жасы, жұмысы, жұмыс стажы, білімі дене жаттықтыру сабактары үшін жасалған жағдай сипаттамасы т.б. Біріншісінде де, екіншісінде де жауап жазба турінде болуы тиіс. Анкеталар мен сұрақ-жауап парактартары кебіне зерттеу жұмысының бастапкы кезінде қолданылады және олар көмекші мәнге не болады.

Зерттеушін қызықтыратын материалдар әңгімелесу кезінде алдын ала жасалған жоспар бойынша жиналуы да мүмкін. Сұрақтар еркін турде койылып, нақты жауап альнуына ықпалы тиоі керек. Мысалы, тәрбиесі баладан: «Дұрыс тұра білесін бе? Қалай тұру керектігін көрсітші. Ал енді қалайша дұрыс тұруға болатынның айтышы», - деп сұрайды.

Педагогикалық талдау корыту әдістері. Әдістердің бұл тобына педагогикалық бакылау енеді. Қүнделікті бакылаудан мұның айырмашылығы – ол ариайы үйімдестердің тұжырымдалған міндетті, анық белгіленген бакылау заты, сондай-ақ бакылау дәлелдерді түйіндеу жүйесі болады. Мұның өзінде зерттеуші педагогикалық үдеріс барысына араласпайды. Ол дәлелдерді жинау, оларды түйіндеу жүйесінің бірліктердің көрсетілештін (жазба жұмысты жүргізуедегі шартты белгілер т.б.) бакылау еткізу және олдеу жоспарын алдын ала жасайды. Бакылау тапқыр, нақты (мысалы, түсіндірү сипаты, дене жаттықтыруды орындау сапасы т.б.) болуы керек.

Педагогикалық бакылаудың артықшылығы – ол объектілерді табиги жағдайда зерттеуте мүмкіндік береді.

Педагогикалық бакылау дәлелдері обьективті болып, зерттеушінің жеке басының касиеттеріне тәуелді болмауы тиіс. Бакылау үдерісінде бакыланатын нәрсөн дәл есепке алып отыру әдісін пайдалану керек. Мысалы, қозғалыс техникасын есепке алып отыру үшін фото түсіру, кино түсіру, циклография, коріністік-магнитофондық жазба т.б. пайдаланылады. Қозғалыстардың жеке параметрлерін тіркеу үшін әр түрлі аппарат (кушті өлшеуге арналған динамометрлер т.б.) қолданылады.

Эксперименттік әдістер. Эксперименттік мәні мынада: зерттеуші ариайы жағдай тузызып, жанама құбылыстарды жояды, қажетті материалды жинақтауда кездейсөктықтар мен құдірістерге жол берілмейді. Бұған коса ол құбылыстар арасындағы себептік байланыстарды дәлірек анықтау үшін эксперимент шарттарын түрлендіре алады. Қажетті жағдайда, мәселең, дәлел жеткіліксіз болған кезде, эксперимент қайталаңады. Зерттеуінің жатқан мәселеңге тікелей қатысы жоқ жанама дәлелдер әсерін жою үшін эксперимент көбіне әдetteгіден басқаша жағдайда жүргізіледі.

Әдetteгі жағдайдың өзгерүүне карай эксперимент табиги және лабораториялық болып белгілесді.

Т а б и ғ и է к с պ े р и м е н т кезінде сабактар көдүлгі дене жаттықтыру сабактары жағдайынан алашқа кету болмайтын күйде откізіледі; алшактаулар болғанының өзінде олар шамалы ғана болады.

Л а б о р а т о р и я қ է к с պ े р и м е н т жасанды жағдай тузызудан және жанама әсерлерді жоюдан тұрады.

Эксперименттер белгілі бір дәлелдерді немесе олардың тәуелділіктерін

(абсолютті эксперимент) анықтау мақсатында жүргізіледі.

Кейбір эксперименттер қайсыбір көрсеткіштерді (оқыту құралдарының, әдістемелердің тиімділігі және т.б.) салыстыруға бағытталады. Мұндай эксперимент – салыстырмалы эксперимент деп аталады.

Эксперимент жүргізгер алдында міндеттерді анықтау және зерттеулердің жоспарын жасау, жұмыс жорамалын қалыптастыру, эксперименттік сабактардың әдістемесін, дағелдерді тізімге алу және оларды ондеу әдістемесін талдау жасау қажет.

Математикалық әдістер. Дене тәрбиесі теориясы жөніндегі зерттеулерде сынан етушінің әр түрлі көрсеткіштерін сипаттайтын материалдар алынады. Зерттеушінің міндеті – алынған көрсеткіштер арасындағы тәуелділікті анықтаудын туралы. Осы мақсатпен шықкан корытындылардың қаншалықты тиянақты екенін, оларды үксас жағдайлардың берінсі де таратуға болар-болмастырын анықтауга мүмкіндік беретін нәтижелерді математикалық ондеу әдісі пайдаланылады.

Дене тәрбиесі теориясында колданылатын ғылыми зерттеулердің әр түрлі әдістерінің біршама өзіндік ерекшеліктері бар. Дене тәрбиесі үдерісін бір зерттеуде жан-жақты біліп шыгу ете жиі жүзеге асырылады. Осыған байланысты зерттеудің әр түрлі әдістері бір мезгілде пайдаланылады. Мұның өзінде бір әдіс екінші әдісті тоғызырып отырады.

Зерттеу әдістері өзгереді, нақтыланады, жаңа мәліметтер алуға мүмкіндік береді және дене тәрбиесі теориясын дамытуға көмектеседі.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің басқа ғылымдарымен байланысы. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі теориясы мамандандырылған ғылыми пәндердің тұғас комплексімен байланысты. Олардың біреулері гуманитарлық сипатта болады (дене тәрбиесінің жалпы теориясы, жалпы педагогика, мектепке дейінгі педагогика, дене тәрбиесі мен спорт психологиясы, спорттың жеке түрлерінің теориясы мен әдістемесі, денешынықтыру тарихы және үйімдастыру, денешынықтыру социологиясы), денешынықтырудың дамуы мен үйімдастырылуының алеуметтік заңдылықтарын, дене жаттығуларының адам (бала) психикасына әсерін, сондай-ақ педагогикалық әсер ету құралдарын, формалар мен әдістерін қолдану заңдарын зерттейді. Басқа ғылымдар — биологиялық және шектес жаратылыс галымы пәндері (дене жаттығуларының физиологиясы мен биохимиясы, динамикалық анатомия, биохимия, медицина, педиатрия, дене жаттығулары гигиенасы, дерігерлік-физкультуралық бакылау, өмдеу физкультуrasesы) адамның (баланың) биологиялық даму үдерісін, оның жас өзгерісінің заңдылықтарын, дене жаттығуларының, сондай-ақ сыртқы органын түрлі әсерлерінен болып жататын өзгерістерін зерттейді, бұған қоса адамның (баланың) қозғалыстарында көрініс берестін физикалық және биологиялық заңдарды зерттейді.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесі теориясының табиғи-ғылымдық негізін ғылыми пәндер комплексі қурайды, олардың міндеттері баланың биологиялық даму үдерістерін зерттеу болып табылады.

Ғылыми білімдердің бұл комплексі орыстың ұлы физиологтары И.М.Сеченовтың, И.П.Павловтың, В.М.Бехтеревтің және олардың ізбасарларының ілімі негізінде құрылды.

Ағза мен ортаниң бірлігі туралы. Адам дүниеге келген сәттен оның сыртқы оргамен озара өрекеттесуі басталады, бейімделу, тепе-тендігін сактау қабілеті пайда болады. И.П.Павлов осы тепе-тендікті өмірдің негізгі заңы ретінде қарастырды.

Индивидуалдық бейімделу түрлері ете көп. Олар табиги өмір жағдайында пайда болады және оларды адам арнайы, әдебі жасау мүмкін.

Адам ағзасының қызметі сту мүмкіндігін артуы немесе кенеюі дене тәрбиесі үдерісінде ерекше маңызды болып табылады.

Баланың дене тәрбиесі белгілі бір ғылыми негізделген режиммен, ағзаны шынықтырумен, қозғалыс дағдыларын қалыптастырумен байланысты екені белгілі. Шынықтыратын процедуралармен (салын сүмен ықсылапу, шайну т.б.) үйлестірілген өртөнді гимнастикамен жүйелі айналысу, дене шынықтыру сабактары, ойындар, ауыншын, судың температурасы темен жағдайдагы спорттық жаттығулар — осының бәрі ағзаның сыртқы орга өзгерістеріне төзімділігін арттырады, нерв жүйесі, жүрек және өкпе жұмысының бұлышық еттерінің жұмыс қабілетін жақсартады, жағымды эмоциялар тудырады.

Шынығу және дене жаттықтыру адам (бала) ағзасының қызмет ету мүмкіндіктерінің кенеюіне көмек ететіні түсінікті бола түседі. Осының барысында шынықкандағы және белгілі мелшерде жаттықкандағы әркімнің өзгеріп отыратын сыртқы оргага индивидуалды бейімделуін көрсететін болады.

Адам ағзасының қоршаган оргага бейімделуінде адам мының, жоғары жүйке жүйесінің қызметінің дамуы үшін жетекші мени бар және оған себепші болғатын алеуметтік органды ерекше белгілі көрсеткен жән.

Баланың айнала қоршаган алеуметтік оргага индивидуалды бейімделуіне әр түрлі дағдылар, пайда бола бастаған әдегтер, қалыптастан тіршілік режимі және айнала қоршаган өмір талаптарына салын қарым-қатынасқа негізделген барлық мінез-құлдық тәртібі жатқызылуы мүмкін.

Дене тәрбиесі теориясы қоғамдық, жаратылыс және педагогика ғылымдарымен байланысы. Дене тарбисі теориясының жаратылыс ғылымдық негізі ғылыми пәндер комплексінен (анатомия, физиология, гигиена, биомеханика, биохимия т.б.) тұрады. И.М.Сеченовтың, И.П.Павловтың ілімі және қымыл-қозғалыс дағдыларының қалыптасу және дене қасиеттерінің даму заңдылықтарына үнілуге, оқыту мен тәрбиелу үдерісін дұрыс құруға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы жоғарғы жүйке қызметін зерттеу бұл комплексте маңызды орын алады.

Биомеханика дене жаттығулары техникасын оқып үйретуге, оларды орындау саласын бағалауға, байқалған қателерді түзету әдістемесін белгілеуге және қымыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды мейлінше жақсы нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Биохимия ағзада, атап айтқанда бұлышық еттерде дене жаттығуларын орындау асерімен етегін химиялық үдерістерді зерттей отырып, оларды еткізу

әдістемесін жетілдіруте мүмкіндік тудырады.

Сойтіп, жаратылыс гылымдары саласындағы ең жаңа жетістіктерді дene тәрбиесі теориясы қимыл-қозғалыстарды үйрету өдістерін, амалдарын ірістеп алудың негіздеуге, ер түрлі міндеттерді ойдагыдан шешу мақсатындағы сабактар еткізу әдістемесін талдан жасауга пайдаланылады.

Дене тәрбиесі теориясы педагогикалық гылымдар жүйесіне енеді, психология және педагогикамен, спорттың жекелеген түрлерінің (женил атлетика, шанды, коньки т.б.) теориясы және әдістемесімен тығыз байланыста болады.

Адамның жас шамалық және индивидуалдық психологиялық ерекшеліктерін (елес, ес, ойлау, және т.б.) оқыту мен тәрбислеу тәсілдерін дұрыс ірістеп алуга және дене жаттықтыру сабактары үдерісінде жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесі міндеттерін шешу кезінде оқыту мен тәрбиелеудің педагогика талдан жасаған өдістері мен тәсілдері қолданылады.

Дене тәрбиесі теориясы спорттың жекелеген түрлерінің жалпы және езіндік заңдылықтарын спортпен айналысадылардың ер түрлі құрамындағылармен сабактар оку және езіндік еткізу әдістемесін талдан жасау кезінде ескеріп отырады. Мәселен, спорттың жекелеген түрлері бойынша (шанды, коньки және т.б.) жүргізілген зерттеулердің мәліметтері мектеп жасына дейінгі балалармен сабак еткізу әдістемесін талдан жасауга көмектеседі.

Бақылау сұраптары мен тапсырмалары

1. Дене тәрбиесі гылыми-әдістемелік зерттеу өдістерін атаңыз.
2. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің басқа гылымдарымен байланысы.
3. Қоғамдық және жаратылыштану гылымдары саласындағы гылыми зерттеулердің маңызын көрсетіңіз.

Екінші болім

Мектеп жасына дейінгі балалардың дene тәрбиесі теориясы мен әдістемесі

1. Мектеп жасына дейінгі балалар дene тәрбиесінің теориясы



Мектеп жасына дейінгі балалар дene тәрбиесінің теориясы - қоғамның болашақ құрылышшысы - баланың дene тәрбиесінің жалпы заңдылықтары жайындағы гылым.

Балалар дene тәрбиесінің теориясы дene тәрбиесінің жалпы теориясымен мазмұндаған және оқып үйрено пәні бір болуымен қатар баланың барлық жас кезеңдеріндегі (туттанин 6 жасқа дейін) дene тәрбиесінің заңдылықтарын аныны зерттейді.

Мектеп жасына дейінгі балалар дene тәрбиесінің теориясы осыған сәйкес тәрбиелеу және оқыту үдерісінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын таныл-біледі.

Балалар дene тәрбиесінің теориясы ер жас шамалық кезеңнің ерекшеліктерін зерттейді, гылыми мәліметтер мен іс-тәжірибелі корытып талдай отырып, дene тәрбиесі міндеттерін анықтайты, олардың мөнін, негұрлым тиімді құралдары мен өдістерін, дene тәрбиесінің бүйір үдерісін үйымдастырудың мақсатқа сай формаларын ашып көрсетеді.

Оз қимыл-қозғалысын жаксы меңгеретін дene жаттықтыруды сүйеттін, оны айнала коршаған ортадан ез бетімен бағдар таба билеттін, мектепте оқуға және одан кейінгі жылдардағы белсенді шығармашылық қызметке кабілетті, дени сау, шымыр, шынықкан, шат-шадыман, ынталы баланы қалыптастыру - жан-жақты даму негізі ретіндегі дene тәрбиелеудін айрықша мәнін айқындайтын

манызды міндет болып табылады.

Балалар дене тәрбиесінің теориясы ғылыми зерттеулердің негізінде саби жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін: ағзаның жұмысқа кабілеттілік мүмкіндіктерін, жүре пайда болатын ынта мен қажеттіліктірін, көрнекілік-әрекеттік, көрнекілік-бейнелік және логикалық ойлау формаларын, іс-әрекеттің басым түрінің езіндік ерекшелігін ескеріп отырады. Осылан сәйкес балалар дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесін үйімдастырудың барлық формаларының мазмұнын күруга және оны іске асырудың тиімді педагогикалық жағдайларын жасауга бағыт береді.

Балалар дене тәрбиесі теориясы баланың өр жас кезеңінің ықтимал мүмкіндіктерінің заңдылықтарын танып-біле және ескере отырып дене тәрбиесінің бүкіл тәрбиелік-білім беру комплексі (кимыл-қозғалыс жасай білу және дағдылар, дене қасиеттері, кейір элементарлық білім) ғылыми негізделген бағдарламасының талаптары перспективалық қарастырады. Мұны итеру балалардың дене азірлігін мектепке баруға қажетті деңгейде қамтамасыз етеді.

Дене тәрбиесі жан-жакты тәрбис берудің маңызды компоненті болуымен бірге өз үрдісінде ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және енбек тәрбиесінің міндеттерін комплексті түрде жүзеге асырады.

Балалардың дене тәрбиесін үйімдастырудың барлық формаларында (сабак, қозғалыс ойындары, балалардың езіндік әрекеттері және т.б.) тәрбиешінің назары ақылға сала ойлайтын, эмоциялы, өз жас шамасының мүмкіндігіне қарай саналы өрекет ететін, қозғалыс дағдыларын менгеріп отыратын, айналаны бағдарлай біletін, өзіне берілген тапсырмалардың мәнни түсінетін, кездескен қызындықтарды жеткүйді үйренип отыратын, тәрбиешінің ықжадағатты, тілекесті баспылалығымен өз іс-әрекетінде шығармашылық ізденіске деген талпыныс корсетіп отыратын бала тәрбиелеп шыгуга бағытталады.

Балалар дене тәрбиесінің теориясы бала денесін тәрбиелеудің сан алуан жақтарын, әсіресе оның қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды қамтитын зерттеулер арқылы алынған жана білімдермен дамылсыз дамып, байып отырады.

Балалар мекемелерінің жашпай тәжірибесінде тексеруден өткен зерттеу мәліметтері бүкіл тәрбиелік білім беру үдерісінің алға басуына үлес қоса отырып, сыннан етеді, бағдарламаларга, оку құралдарын, оқулыктарға және балалармен жүргізілетін тәжірибелік жұмысқа сидірледі.

Сейтіп мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы баланың даму заңдылықтарын танып-біле, ен елеулі және жаңаышыл нарселердің бәрін беліп көрсете және негіздей отырып, дене тәрбиесінің бүкіл жүйесін жетілдіруте комегін тигізеді, кедерісін тигізетіп жаттанды болған, қазіргі кездегі тәрбиелеу-білім беру міндеттеріне сәйкес емес нарселердің бәрін бұлжытпай ауыстырып отырады және жоқда шыгарады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі теориясының

дамуы. Балалар дене тәрбиесінің көңестік теориясы қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер мен озат тәжірибе негізінде дамиды.

Ұлы Октябрь революциясы біздің елімізде жана педагогиканың — жас үрпаққа жан-жакты тәрбие берудің іргетасын қалады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға жан-жакты тәрбие беру жайындағы теорияның дамуына Н.К.Крупская баға жетпес үлес көсты. Н.К.Крупская кенес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап қоғам міндеттерін ескере отырып, марксист-лениндік ілім негізінде құрылған тәрбиенің жаңа теориясын жасау қажеттігін мәнзеді. Ол баланы дамыту, тәрбиелеу және білім беру мәселелеріне педагогика, психология мен физиология саласындағы қазіргі кездегі ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, нағыз ғылыми түркіздіктердің міндет екенине назар аударды. Н.К.Крупская тәрбиелеу және білім беру одістемесін жасау кезінде баланың жас шамалық ерекшеліктерінің ескерілуі қажеттілігін атап көрсетті.

Н.К.Крупская баланың дене тәрбиесіне үлкен мән берді. Ол шымыр да шынықкан жас үрпақ тәрбиелеу міндетіне байланысты дәнешшының түрді айрықша маңызды деп санады. Дене жаттықтырудың бала ағзасына пайдалы асерлерін атап ете отырып, Надежда Константиновна ағзаны тек шынықтыра нығайтып қана қоймай, тәрбие беру максатында да пайдалануға болатын ойындарды беліп көрсетті. Ол ойынның ұжымды нығайтудағы, езіп-өзі үстай білуте, үйімдаса ерекет етуге, міnez қалыптастыруға тәрбиелеудегі маңызды ролін атап айтты.

Н.К.Крупскаяның мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі туралы айтқандардың жана қоғамдық-саяси құрылышындағы жаңа кезеңін айқындаған береді.

Дене тәрбиесі туралы отандық ғылым, тамыры орыстын көп ғасырлық халықтық педагогикасына тәрсендей сінген откен доуір бай мұрасының асерімен қалыптасты.

XVII ғасырдың скінші жартысында-ак сол кездің аса білімді адамдарының бірі — Епифаний Славинецкийдің балалардың дене тәрбиесі жөнінде озық ойлар айтқанын тарихи материалдар дәлелдейді. Ол «Бала әдегтерінің азаматтылығы» деп аталағын тамаша құжат жасап шықкан. Бұл кітапта балалар ойынына ерекше тарау арналады және оның тәрбиелік-білім берудегі үлкен мәні көрсетіледі.

Бұдан кейінгі кезде прогрессшіл қоғам кайраткерлері И.И.Бецкой, Н.И.Новиков, А.Н.Радищев дене дамуын ақыл-ой және енбек тәрбиесінен тығыз байланыста қарастырган.

Орыстың революциясынан демократтары А.И.Герцен, В.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писаревтің айтқан пікірлерінің дене тәрбиесі мәселелерін талдаң жасау үшін үлкен мәні болды. Олар дене тәрбиесінің жан-жакты тәрбие берудің бір белгі екенин анықтай отырып, оның ақыл-ой, енбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесін байланысын көрсетті. Олар дене тәрбиесінің мақсаты — жүйелі жаттығу, ойнау, серуендеу және ағзаны шынықтыру жолымен баланың дене күшін дамыту мен

денсаулығын нығайту деп білді. Мұның езінде олар манызды роліді еңбек пен демалыстың алмасып келуінен, үйкіның, тамақтанудың нормаландыруынан көрінетін режимге бере отырып, мұны сирек рухты, адамның жарқын болашақ күресіне қабілетті болуы үшін қажетті дұрыс негіздел санды.

Тамаша педагог К.Д.Ушинский ойынға, гимнастикага, балалардың таза ауада жүруін үлкен мән берді. Ол балалармен еткізілетін сабак үстінде ықыласты қалпына келтіргуте комектесстін қысқа мерзімді қымыл-қозғалыстар орындау үшін шағын үзілістер жасауды үсінди.

К.Д.Ушинский орыстың халықтық ойындарын қуатты құрал санды отырыш, оларды көнінен пайдалануды үсінди және педагогтарды осы ойындарды балалар үшін жинастыруға шақырды.

К.Д.Ушинскийдің шілді бойынша, балаларда қогамдық мінезд-құлық дағдыларын қалыптастыратын, «қогамдық қатынастардың алғапқы ассоциациялары» түйін тастайтын ужымдық ойындардың үлкен тәрбиелік күны бар. К.Д.Ушинский педагогтарға жоғары талаш қоя отырып, балага жетекшілік етуде үлкен қателіктер жібермеу үшін олар анатомия, физиология, психология, педагогика сияқты ғылымдарды білуге міндепті деп санды.

Прогрессіл қоғам қайраткерлерінің айтқандары, ғалымдардың, дәрігерлердің енбектері деңе тәрбисінің отандық теориясын жасауға алғы шарт болды.

Россияда деңе тәрбиесінің езіндік теориясын жасаушы П.Ф.Лесгафт болып табылады. Аса ірі ғалым-педагог, медицина және хирургия докторы П.Ф.Лесгафт ез заманының озық ойлы адамдарының қатарында болды.

П.Ф.Лесгафтың дүниестанымы XIX ғасырдың 60-жылдарында, революцияның демократтар Н.Г.Чернышевский мен Н.А.Добролюбовтың идеялары алдынғы қатарлы интеллигенттік (Лесгафт та осы интеллигенттік жатады) баурап алған кезде қалыптаскан. Оған аса ірі физиолог-материалист И.М.Сеченовтың, көрнекті хирург және педагог Н.И.Пироговтың айтқан шілдері етсene жақын болған. Ол жас И.П.Павлов мектебінің жетістіктерін жоғары бағалаған.

П.Ф.Лесгафт ғылыми-материалистік қозқарастары оның педагогикалық жүйесінің іргетасы бол қаланды, онда деңе шынықтыру білімі теориясы басты орын алған. П.Ф.Лесгафт балаларға арналған деңе жаттыгуларының біртұтас жүйесін жасады, оны автор деңе тәрбисімен езара байланысты қарастырады (деңе жаттыгуларының гигиеналық және сауықтырушылық манызы).

П.Ф.Лесгафт деңе жаттыгуларын іріктеуге балалардың анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін, жаттыгуларды бірте-бірте күрделендіруді және түрлендіруді негіз етіп алған. Ол белгілі бір жаттыгулар жүйесін адам ағзасын жан-жакты дамуға және дұрыс қызмет етуге алып келуіне, оның деңе күшінің бірте-бірте жаттыгуына жәрдемдесуіне үмтілді.

Дененін дамуын П.Ф.Лесгафт акыл-ой, адамгершілік және эстетикалық дамумен, еңбек іс-әрекетімен езара байланыстаған мойыннады. Лесгафт деңе жаттыгуларын орындау үрдісін рухани және деңе жетілуімен тұтаса бір үақытта жүретін үдеріс ретіндес қарастырган.

Лесгафт жаттыгулары үйрету кезінде аз күш жұмсап үлкен жұмыс орындауға және көзделсітін қынышылтықтарды женуге мүмкіндік беретін саналы көзкарас тәрбиелсіді негізгі міндет деп санаган.

Лесгафт бала санасынан бағытталған, көрсетілген нөрсөні сол қалпында қайталаі салуга жол бермейтін сездің мәнді болатынын атап көрсеткен.

П.Ф.Лесгафт мұғалімнен сабактарға жүйелі әзірленуді талап етті. Үйрету үрдісінде мұғалім деңеге түсетін ауыртпалықты бірте-бірте арттыруды, жаттыгуларды ауыстыруды және түрлендіруді алдын ала қарастыруға тиіс.

П.Ф.Лесгафт қымыл-қозғалыс ойындары теориясы мен әдістемесін жасады. Ол қымыл-қозғалыс ойынын «бала сонын көмегімен өмірге әзірленетін жаттыгу» ретінде аныктады. Осы ойындар үстінде ол дағдыларға, әдегтерге не болады, онда мінез қалыптаса бастайды. Ойындары ережелердің заң ретінде манызы бар, балалардың оған деген көзқарасы саналы және жауапты болуы тиіс. Оны орындау баршының міндеті, соңыктан да оның үлкен тәрбиелік күші бар. Ойындар моральдық қасиеттерді — тертіпті, адалдықты, шынышылдықты, үстамдылықты дамытады. П.Ф.Лесгафт ойынды жеке адамды тәрбиелеудің аса манызы куралы ретінде қарастырды.

П.Ф.Лесгафт теориясы балалардың деңе тәрбисі туралы ғылымды одан әрі дамыту үшін берік іргетас болып табылды.

П.Ф.Лесгафтың шілді дәрігер-педиатр және гигиенист, профессор В.В.Гориневский езінің дәрігерлік-педагогикалық қызметінде және баспа енбектеріндес П.Ф.Лесгафтың деңе тәрбисі туралы ілімін тереңдете түсти.

В.В.Гориневскийдің қызметі 80—90 жылдардың камтады және Ұлы Октябрь революциясынан кейін 20 жыл бойы жалғасты. Ол ғылыми зерттеулер базасында деңе тәрбисі, деңе жаттыгулары гигиенасы, ағзаны шынықтыру, емдік физкультура мәсслелерін талдап жасады.

В.В.Гориневский деңе жаттыгулары мен спорт пен айналысуды жүзеге асыруға дәрігерлік және педагогикалық бакылау жасаудың негізін салушы болып табылады. П.Ф.Лесгафтың жаттыгулары іріктеу қағидасына сүйене отырып, В.В.Гориневский деңе дамуының адам өмірінің әр жас шамалық кезеңіндегі езіндік ерекшеліктерін эксперименттік жолмен аныктады. Оның «Белгілі бір жас шамасына сәйкес деңе жаттыгулары» атты таблицасы көнінен тарады. Деңе тәрбисі, гигиена және балаларды шынықтыру мәсслелері жениндегі қолтеген ғылыми енбектердің арасынан «Мектеп жасына дейінгілер физкультуrasesы» атты кітап көшшілікке айрықша ейгілі болды.

Егер П.Ф.Лесгафт Россиядағы деңе шынықтыру білімі негізін салушы ретінде жас үрлак деңе тәрбиесінің ғылыми негізін қаласа, оның ісін жалғастырушы — В.В.Гориневский қоғамның жаңа міндеттері мен талаптарын ескерсөттөрдің деңе тәрбиесінің жас шамалық езгешелігін осы негізде дамытты.

П.Ф.Лесгафтың және В.В.Гориневскийдің идеяларын профессор, Педагогика ғылымдары академиясының тольғы мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, дәрігер-гигиенист Е.А.Аркин жалғастырды.

Кенес екіметтің алғапқы күндерінен бастап Е.А.Аркин Халық ағарту

комиссариатының мектепке дейінгі белімінің Москва халық агаρту белімінің тұрақты көңесшісі болды, балабақшалар дәрігерлерін біріктірді, тәрбиесілермен үнемі байланыста болды, оларды езінің зерттеулеріне қатыстырыды. Е.А.Аркин оларды жоғары жүйке қызметтің балалар тіршілігі режимінің және оны үйимдастырудың заңдылықтары туралы И.М.Сеченев пен И.П.Павлов ілімінің негізгі қағидаларымен түсінікті де тартымды түрде таныстыруды, балабакша мен жаңуяның бірлесе жұмыс істеуінін маңыздылығын негізден берді. Оның мектепке дейінгі педагогика, анатомия, физиология және гигиена маселелері жөніндегі енбектері арасынан осы күнге дейін ез мәнін жоғалтпаған «Мектепке дейінгі жас» атты кітап ерекше ілтипатқа не болды.

Мектепке дейінгі жас педиатриясы, педагогикасына профессор, медицина докторы Л.И.Чулицкая үлкен үлес кости.

Л.И.Чулицкая аса көрнекті галым-педиатр И.П.Фидатовтың бағытын дамытты және П.Ф.Лесгафттың және В.В.Гориневскийдің педагогикалық идеяларын төрөндөтті. Мектеп жасына дейінгі балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері жаһындағы ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, оларды тәрбиелу мен оқытудың гигиеналық нормаларын анықтап берді және осы нормаларды балабакшаның тәжірибесіне ендірді. Л.И.Чулицкая гигиена, шынықтыру маселелері жөніндегі мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктері туралы 50-ден астам ғылыми енбек жазды. Оның «Мектеп жасына дейінгі балалар гигиенасы» атты кітабы көпшілікке көнінен таныс.

Мектепке дейінгі балалар тәрбиесі саласында дәрігер және педагог Е.Г.Леви-Гориневскаяның үлкен рөлі бар. Оз жолбасшыларының бағытын ұстана отырып, ол дene тәрбиесі теориясы мен практикасын дамытуға елсулі үлес кости.

Оның жариялған енбектерінен А.И.Быковамен бірлесіп жазған «Бала ағзасын шынықтыру» атты кітабы, сондай-ақ оның «Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі кимыл-қозгалыстарын дамыту» атты соғыс енбекі көпшілікке мейлінше кен тараған.

А.И.Быкова мектеп жасына дейінгі балалардың кимыл-қозгалыс мәселесін корытып талдай отырып, балаларды кимыл-қозгалыска үрету үдерісін, оның мәнін, мазмұнын, үйимдастыру мен әдістерін негізделі және ашып көрсетті. Ол үретудің, оның озіндік езгешелігінің тәрбиелік сипаттын атап көрсетті, мұны ол ойынмен, «балалармен еткізілтін сабактарда ойын амалдарын кен колданумен, оларды, эмоциялық еткізумен» тығыз байланыста қарады. А.И.Быкова мен Е.Г.Леви-Гориневскаяның бірлесіп жазған енбекі мектеп жасына дейінгі балалардың дene тәрбиесін дамытуға елеулі үлес кости.

Мектеп жасына дейінгі балалар дene тәрбиесінің теориясы мен тәжірибесін дамытуға Н.А.Метловтың, М.М.Конторовичтің, Л.И.Михайлованың, А.И.Быкованың ғылыми-әдістемелік енбектері айтартылғатай осерін тигізді. Басқа авторлармен бірлесе отырып, олар балалардың дene тәрбиесі жөніндегі бағдарламаларда, педучилищелер үшін оку куралдарын және мектепке дейінгі мекемелер үшін козгалыс ойындарының

жинақтарын жасап шыкты.

Балаларда кимыл-қозгалыс дағдыларын қалыптастыру жөніндегі алғашкы енбектердің бірі – Д.В.Хухласваның 6–7 жастағы балаларда кимыл-қозгалыс дағдыларын қалыптастыруды үретудің әдістемелік тәсілдерінің маңызы мен арақатынасын анықтаған зерттеуі болып табылады.

Балалар дene тәрбиесінің жекелеген мәселелерін дамытуға тәжірибелі қызметкерлердің (Н.Н.Кильчио, Н.Г.Кожевникова және т.б.) таңдаулы тәжірибелері елеулі үлес қосады. Педагогтардың, әдіскерлердің (В.И.Васюкова, Л.Тюренба, Г.Головенчич, Л.Урбанская, К.А.Павлидис және т.б.) «Дошкольное воспитание» журналында жарияланған мақалаларында, дene тәрбиесі сабактарында шынықтыруды, балаларға дene жаттықтыруды үретуді жақсы үйимдастырудың, кимыл-қозгалыс ойындарын, спорттық ойындардың элементтері бар ойындар және т.б. еткізу әдістемесінің шығармашылық ізденістері ашылып көрсіледі.

Сондық жылдарда балалар дene тәрбиесі саласында елеулі мәлімерде күн режимін ғылыми негіздеуте, себi жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың кимыл-қозгалыс дағдыларын қалыптастыруға, қозгалыс ойындарының және олардың ережелерін тәрбиелік мәніне, көңілкіті бағдарлауды, шығармашылық белсенділікти, балалардың қозгалыс іс-әрекеттеріндегі дene қасиеттерін, жарыстың тәрбиелік ролін, негізгі кимыл-қозгалыстар мен спорттық жаттыгуларды (жузу, шашы тебу) т.б. үретуге арналған ғылыми зерттеулер жүргізіліп, диссертациялар корғалды.

Зерттеулерден шыккан нағызелер балалар дene тәрбиесі теориясы мен іс-тәжірибесінің дамуына айтарлықтай әсер етеді және бағдарламада, жасалып жатқан оқулықтар мен оку құралдарында ез бейнесін табады. Олардың авторлары ғылыми зерттеу институттарының және жоғары оку орындарының ғылыми көзметкерлері болып табылады.

Дene тәрбиесі үдерісінде үретудің мазмұнын, үйимдастырылуын, әдістерін жестілдірге Э.И.Адашкиевичене, Л.М.Артемова, Е.Н.Вавилова, М.П.Голошекина, А.В.Кенесман, Л.М.Коровина, Л.В.Карманова, Н.П.Кочетова, Г.П.Лескова, А.В.Листенева, Т.И.Осокина, Л.И.Пензулбаева, Н.В.Потекина, Л.Н.Пустынникова, Ю.Ю.Раущис, Г.В.Сендеқ, И.И.Сергесеня, Э.Я.Степаненкова, Е.А.Тимофеева, А.Д.Удалой, В.Г.Фролова, Г.В.Шалыгина, Д.В.Хухлаева және басқалардың зерттеулері арналды.

Отандық мектепке дейінгі дene тәрбиесінің дамуына М.Тұрыскелдина, С.Жиенбаева, Ә.Әмированың енбегі орасан.

Мектеп жасына дейінгі балалар дene тәрбиесі теориясының қазіргі кездегі мәселелерін одан әрі дамыту қоғамдық әмбір талаптарымен байланысты.

Әмбірдің шашшан қарқыны, ғылыми-техникалық прогресс, енбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, есте сақтау, ойлану үдерістерінің белсенділігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан информация тудыратын реакцияға деген қабілетті талап етеді.

Осыған байланысты себi жастаң бастап балалардың дene тәрбиесін дүрүс үйимдастыру, денсаулығын пығайту және жан-жакты дамыту, мектепке

